

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**
**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА**
**ASFENDIYAROV KAZAKH NATIONAL MEDICAL
UNIVERSITY**



СМЖ құжаты		Ректор бұйрығымен бекітілген	
		№8 хаттама	Бекітілген күні 23.10.2019
Құжат атауы		«С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ Сенаты туралы Ереже	
Редакция	1	Статус	
Код		<input type="checkbox"/> Бекітілген <input type="checkbox"/> Қарастырылған <input type="checkbox"/> Қайта өңдеуге жіберілген <input type="checkbox"/> Кері қайтарылған <input type="checkbox"/> Басқа	
Жауапты тұлға		Испаева Ж.Б. Сенат төрағасы	
Алдыңғы ескірген құжат		ПОҚ сенаты туралы Ереже	
Құжат тілі		<input checked="" type="checkbox"/> Қазақша <input type="checkbox"/> Русский <input type="checkbox"/> Английский	



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»**

Сенат


Ереже

Редакция: 1

15 беттің 2 беті


КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні	Нақты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні
ӘЗІРЛЕУ	Профессор	Испаева Ж.Б. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
КЕЛІСУ (келісілетін құрылымдық бөлімшенің басшысы атауы)	Провост	Витенис Калибатае « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Академиялық қызмет бойынша проректор	Байльдинова К.Ж. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Ғылым және цифровизация бойынша проректор	Жусупов Б.С. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Клиникалық жұмыс бойынша Департамент басшысы	Тулепбаева Г.С. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Корпоративтік даму бойынша проректор	Датхаев У.М. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Ректор Аппаратының басшысы	Аубакиров Б.Ж. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Заң басқармасының басшысы	Гаитова М.А. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.
	Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің басшысы	Камаубаева А.Б. « » 2019 ж.	« » 2019 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 3 беті	

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
1.1.	Қолдану салалары	4
1.2.	Нормативті сілтемелер	4
1.3.	Мақсаты	4
1.4.	Міндеттері	5
2.	Ұйымдастыру құрылымы	5
2.1.	Сенат алқалары	6
3.	Қызметтері	6
4.	Құқықтары мен міндеттері	7
5.	Сенат жұмысын ұйымдастыру	9
6.	Сенат комитеттерінің қызметтері	10
6.1.	Жалпы ережелер	10
6.2.	Университеттің дамуы мен интеграциясы бойынша комитет	11
6.3.	Аттестация бойынша комитет	11
6.4.	Академиялық қызмет бойынша комитет	12
6.5.	Клиникалық қызмет бойынша комитет	12
6.6.	Ғылыми қызмет бойынша комитет	13
7.	Қорытынды ережелер	13

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 4 беті	

1. Жалпы ережелер

1.1. Қолдану салалары

- 1) «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ (ары қарай - Университет) Сенаты туралы Ереже – мекеме қызметіндегі мақсаты, міндеті, қызметі, құқықтары мен жауапкершіліктері, басқа да құрылымдық бөлімшелермен және университеттің және оның еншілес мекемелерінің қызметкерлерімен байланыс тәртібін реттейтін негізгі нормативті құжат болып табылады.
- 2) Сенат тікелей ректорға бағынады.
- 3) Сенат алқалы кеңес беру- жиналыс ашатын мекеме болып табылады. Оның қызметіне академиялық, ғылыми, клиникалық және кадрлық бағыттар кіреді.
- 4) Сенаттың мүшелерінің қызметі төленбейді және ол алқалы, бейтарапты, объективті, заңды, жариялы және академиялық адалдыққа негізделеді.
- 5) Сенат өз қызметінде басшылыққа алады:
 - Университет жарғысын;
 - Университеттің ішкі нормативті құжаттары (ережелер, нұсқаулықтар, тәртіптер, стандарттар);
 - Ректордың бұйрықтары мен тапсырмалары
 - Осы ережемен.
- 6) Аталған ереже белгіленген тәртіп бойынша ректордың бұйрығы шыққан күннен бастап міндетті тікелей іске асырылатын құжат болып табылады.
- 7) Ережедегі өзгерістер белгіленген тәртіп бойынша ректор бекітеді.


1.2 Нормативті сілтемелер

Осы ереже келесі нормативті құжаттар негізінде өңделді:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;
- ҚР «Білім туралы» Заңы;
- ҚР «Ғылым туралы» Заңы;
- «С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ Жарғысы;
- Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы ереже;
- Университеттің Академиялық саясаты.

1.3. Мақсаты

Алдыңғы қатарлы білім беру, ғылыми және медициналық технологияларды интеграциялау арқылы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау арқылы университеттің қарқынды дамуына ықпал ету.


	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
		Редакция: 1 15 беттің 5 беті

1.4. Міндеттері

- 1) университеттің және еншілес мекемелерінің алдағы дамуына ұсыныстар өңдеу;
- 2) университеттің және еншілес мекемелерінің бірегей ғылыми – білім беру, зерттеу және кадрлық саясат, тәрбие жұмысы, стратегиялық даму мәселелері, халықаралық қызметтегі негізгі бағыттары бойынша шешімдер қабылдау;
- 3) денсаулық сақтау, ғылым мен білім беру салаларындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асуын қамтамасыз ету.

2. Ұйымдастыру құрылымы

- 1) Сенат жарғыға сәйкес ректордың бұйрығы негізінде құрылады және таратылады;
- 2) Сенат мүшелері 35 адамнан тұрады, олар 3 жылға сайланады;
- 3) Сенат құрамына профессорлық-оқытушылық құрамдағы, еншілес ғылыми-зерттеу институттарынан, (ғылыми орталықтар), әкімшілік қызметкерлері мен студенттер кіреді;
- 4) Сенат мүшелеріне үміткерлер университеттің сәйкес келетін құрылымдық бөлімшесінен, еншілес ҒЗИ (ҒО) студенттер үкіметінен ұсынылады және ректордың бұйрығымен бекітіледі;
- 5) Сенат төрағасын қарапайым ашық басым дауыс беру арқылы бірінші мәжілісте 3 жылға сайланады;
- 6) Сенат төрағасының орынбасары, жауапты хатшы, сенат комитеттерінің төрағаларын қарапайым ашық басым дауыс беру арқылы 3 жылға сайланады;
- 7) Сенат мүшелерінің құзіреті тоқталатын жағдайлар:
 - құзіретінің мерзімі аяқталғанда;
 - қызметінен бас тартқанда;
 - еңбек шарты бұзылғанда;
 - оқу мерзімі аяқталғанда;
 - себепсіз сенат мәжілісіне 3 реттен артық қатыспаған жағдайда;
 - сенат төрағасының өтініші бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда.
- 8) Сенаттың жаңа мүшесіне қандай құрылымдық бөлімшеден кеткен адам болса сол бөлімшеден сайланады.
- 9) Техникалық жұмыстарды Сенат құрамына кірмейтін Сенаттың техникалық хатшысы атқарады.
- 10) Сенаттың жұмыс формасы – мәжіліс. Сенаттың мәжілісіне ½ сенат мүшелері қатысқан жағдайда заңды болып саналады.


	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 6 беті	

2.1. Сенат алқалары

- 1) Сенат алқалары ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін құрылады, олар: төраға, төраға орынбасары, жауапты хатшыдан тұрады.
- 2) Сенат алқалары:
 - сенат жұмысының жоспарын талқылайды және бекітеді, сонымен қатар сенат пен сенат комитеттерінің мәжілісі күн тәртібінде талқылап, бекітеді;
 - сенат комитеттерінің жұмысын үйлестіреді;
 - сенатқа жоба тұжырымын ұсынады;
 - сенаттың басқа да жұмыстарын талқылайды және сәйкесінше тұжырымдар қабылдайды.
- 3) Сенат алқаларының жұмыс формасы – мәжіліс. Сенат алқаларының ½ мүшелері қатысқан жағдайда заңды болып саналады. Сенат алқаларының шешімі басым дауыс беру шешімімен қабылданады.

3. Қызметі

- 1) ұйымдастыру құрылымы, құру, қайта құру, университеттің оқу, ғылыми және клиникалық бөлімшелерінің (институттар, клиникалар, зертханалар, кафедралар, мектептер, факультеттер) мәселелері бойынша басқармаға ұсыныстар береді;
- 2) академиялық, ғылыми-зерттеу және кадрлық саясатты, оқу жұмыс жоспарлары, академиялық күнтізбелерді, оқу үрдісінің кестесін бекітеді;
- 3) оқу бағдарламаларын, университеттің ғылыми зерттеу бағыттарын бекітеді;
- 4) клиникалық және медициналық зерттеулердің хаттамаларын бекітеді;
- 5) университеттің ғылыми зерттеу жұмыстарын гранттық қаржыландыруға өтініштерді қарастырып, бекітеді;
- 6) ғылыми жобаларды қаржыландыруды қарастырып және бекітеді, осы бағдарламалардың қаржыландырылуын ректорға ұсынысқа береді;
- 7) ғылыми-педагогикалық кадрлар, әкімшілік-басқару қызметкерлері қызметіне квалификация бойынша талаптарды және байқауды ұйымдастыру тәртібін бекітеді;
- 8) ғылыми-педагогикалық кадрлар, әкімшілік-басқару қызметкерлері аттестациясына талаптарды бекітеді;
- 9) ғылыми-педагогикалық кадрлар, әкімшілік-басқару қызметкерлері кезектен тыс аттестациясының тәртібін бекітеді;
- 10) марапаттауға ұсыну тәртібі ережесіне сәйкес ішкі және сыртқы марапаттар мен атақтарды қарастырады және бекітеді, ПОҚ «ЖОО үздің оқытушысы» байқауына қатысатын үміткерлерді ұсынады;
- 11) жеке сыйақылар мен шәкіртақыларға ұсынылатын үміткерлерді қарастырады және бекітеді;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»		
	Сенат	Ереже	Редакция: 1 15 беттің 7 беті

- 12) студенттерді ақылы бөлімнен білім грантына аудару туралы шешімдерді қабылдайды;
- 13) диссертациялық зерттеулер бойынша магистранттар мен докторанттардың ғылыми жетекшісі-кеңесшісін және тақырыптарын бекітеді;
- 14) ректордың ұсынысы бойынша мектептер мен факультеттер деканына, құрылымдық бөлімшелер, клиникалар басшыларына, кафедра меңгерушілеріне үміткерлерді ұсынады;
- 15) проректорлар, ғылыми-зерттеу институттарының директорлары, мектептер мен факультеттер декандарының жылдық есептері тыңдалады;
- 16) Зейнет жасына жеткен тұлғалармен (бір жылға дейін) еңбек шартын ұзартуға үміткерлерді ұсынады және қарастырады;
- 17) Университет дамуының стратегиялық жоспарының көрсеткіштері мен индикаторларын келісіледі және қарастырылады, стратегиялық жоспарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар береді;
- 18) Ректордың тапсырмасы бойынша сенаттың құзіретіне кіретін мәселелерді қарастырады.


4. Құқықтары мен міндеттері

4.1. Құқықтары

- 1) сенаттың барлық мүшелері тең құқықта;
- 2) мәжіліске қатысу, сенат пен комитеттердің мәжілістерінде талқыланатын барлық бөлімдер бойынша сұрақтар қойып дауыс беру;
- 3) университеттің сенат мәжілісіне мамандар мен қызметкерлерді шақыру бойынша ұсыныстар беру;
- 4) университеттің барлық құжаттарымен танысу, сонымен қатар қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтай отырып өз жұмысында пайдалану;
- 5) қорытынды шешім қабылдарда сенат мүшелерінің басым дауыс бергендерге келіспеген жағдайда жазабаша өз ойын жеткізу. Сенат мүшесінің жеке ойы сенат мәжілісі хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады;
- 6) сенат ережесіне және заңнамаға сәйкес басқа да құқықтар енгізу.

4.2. Міндеттері

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасын, университет жарғысын, осы ережені, ғылыми-педагогикалық кадрлардың ар-намыс кодексі және университеттің ішкі нормативті құжаттарын сақтау қажет;
- 2) сенат, комитет мәжілістеріне қатысу, қатыса алмайтын жағдайда төрағасына жазбаша немесе электронды пошта арқылы сенат мәжілісіне 3 күн бұрын ақпараттандыру, тек мәжбүрлі немесе шұғыл жағдайда рұқсат етіледі;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
		Редакция: 1 15 беттің 8 беті

- 3) бір комитеттің мүшесі болу (төраға, төраға орынбасары, жауапты хатшыны қоспағанда);
- 4) қандай комитеттің мүшесі болса сол комитет мәжілісіне қатысу; жекелеген жағдайда төраға келісімімен басқа комитет мәжілісіне қатысу;
- 5) күн тәртібінде қарастырылатын бөлімдер бойынша сенатқа мүдделі қақтығыс болуы мүмкіндігін хабарлау, сол себепті қарастыру мен дауыс беру құқығы болмайды.

4.3. Сенат төрағасының, комитет төрағасының, техникалық хатшының міндеттері

4.3.1. Сенат төрағасы:


- 1) сенат жұмысын басқару;
- 2) сенат алқасына төрағалық ету;
- 3) сенат және сенат алқаларының мәжілісі күн тәртібі жобасын ұсыну;
- 4) сенатқа төраға орынбасары, жауапты хатшы және комитет төрағаларына үміткерлерді ұсыну;
- 5) сенат мәжілісіне дауыс беру үшін сұрақтар қою;
- 6) сенат мәжілісінің дауыс беру нәтижелерін айту;
- 7) сенат мәжілісінің дауыс беру нәтижелерін жариялымға енгізу;
- 8) сенат мәжілісінде қарастырып қабылдайтын хаттамалар мен басқа да құжаттарға қол қою;
- 9) университет қызметіне қатысты ректордың ұсыныстарымен сенат мүшелерін ақпараттандыру;
- 10) сенат қызметіне байланысты ректорға ең кемі жылына бір рет есеп беру;
- 11) төраға келмеген жағдайда оның қызметін төраға орынбасары атқарады.

4.3.2. Комитет төрағасы:

- 1) комитет мәжілісі жұмысының тәртібін қамтамасыз ету;
- 2) қарастыратын мәселелерді тұжырымдайды;
- 3) дауыс беру үшін сұрақтар қою;
- 4) дауыс беру нәтижелерін айту;
- 5) мәжілісте қабылданған комитет мәжілісінің хаттамасы мен басқа да құжаттарға қол қою.

4.3.3. Сенаттың техникалық хатшысы:


- 1) мәжіліске материалдар дайындау;
- 2) сенатқа ұсынылған құжаттарды дайындау тәртібін қамтамасыз ету;
- 3) сенат төрағасына сенат мәжілісінің және сенат алқасының күн тәртібі жобасын жасауға көмектесу;
- 4) сенат тұжырымы жобасын және мәжіліс материалдарын дайындау;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
		Редакция: 1 15 беттің 9 беті

- 5) сенат мүшелеріне мәжіліс туралы ақпарат беру, тұжырым жобалары мен мәжіліс материалдарын беру;
- 6) мәжіліске қатысқан сенат мүшелерін тіркеу;
- 7) сенат мәжілісі хаттамасын жүргізу;
- 8) сенат қызметіне қатысты басқа да жұмыстар атқарады.

5. Сенат жұмысын ұйымдастыру

- 1) Сенат алқалары сенаттың кезекті мәжілісін айтады;
- 2) Күн тәртібі бөлімдері бойынша ұсыныстар сенат алқаларының қарастырылуына ұсынады. Күн тәртібінің бөлімдері бойынша баяндамашы анықталуы керек. Күн тәртібі жобасы сенат алқаларымен келісіліп, сенат мәжілісіне ұсынылады және сенат мүшелерінің дауыс беруімен бекітіледі.
- 3) Сенат мәжілісінің өтілетін күні мен күн тәртібін сенат мүшелері мәжіліске 5 күн қалғанда хабарлама алады, сонымен қатар күн тәртібінде қарастырылатын сұрақтар сенат мүшелеріне мәжіліске дейін 3 жұмыс күні аралығында беріледі;
- 4) Кезектен тыс мәжіліс ректордың, сенат төрағасының бастауымен болуы мүмкін, немесе сенат мүшелерінің 1/3 болған жағдайда. Кезектен тыс болатын мәжіліс туралы ұсыныс жазбаша түрде беріледі. Сенаттың кезектен тыс отырысы ұсыныс берілген уақыттан 10 күн ішінде болуы тиіс. Сенат мүшелеріне кезектен тыс отырыс туралы ақпарат мәжіліске 3 күн қалғанда түсуі тиіс;
- 5) Сенат мәжілісі сенат төрағасы мен орынбасары басшылығымен өткізіледі;
- 6) Күн тәртібінің барлық бөлімдері бойынша бір негізгі баяндама тыңдалады. Мәжіліс регламентін төраға айтады;
- 7) Сенат төрағасы алдыңғы мәжілісте қабылданған шешімдерінің орындалуы бойынша жауапты тұлғаларды шақыра алады;
- 8) Сенат шешімі басым ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Сенаттың әрбір мүшесі бір дауысқа ие;
- 9) Сенат шешімі егер мәжіліске қатысқан сенат мүшелерінің ½ бөлігі дауыс берсе қабылданды деп есептеледі;
- 10) Сенат шешіміне төраға қол қояды;
- 11) Сенат шешімімен ректор келіспеген жағдайда, ол себептерін жазбаша түрде сенатта қайта қарастыруға береді. Мәжіліске қатысқан сенат мүшелерінің 2/3 тұжырымдаса, ережеге сәйкес тәртіп бойынша күшіне енеді;
- 12) Сенат мәжілісінде дыбысты немесе видеожазба болуы мүмкін;
- 13) Сенат комитеттері мен сенат алқалары өз мәжілістерінің хаттамаларын жүргізеді;
- 14) Сенатқа ұсынылған барлық құжаттар бекітілген тәртіп бойынша тіркеледі;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 10 беті	

15) Құжат жобасын талқылау мен қарастыру барысында төмендегі сенат шешімінің бірі шығарылады:

- жобаны еш талқылаусыз мақұлдау;
- кейбір пікірлермен мақұлдау;
- жобаны өңдеушілерге қайтару;
- жобаны комитетке немесе жұмыс тобына қайта өңдеуге беру;
- жобаны қабылдамау немесе жаңа жоба ұсыну.

16) Жарияланған жобаның ұсынылған өзгерістері, толықтырулары мен алып тастау сенат хатшысына берілуі керек;

17) Жақын арада қарастырылған жоба бойынша комитет сенатқа ұсынған жағдайда, мәжіліске 2 жұмыс күні қалғанда сенат мүшелеріне таратылуы тиіс;

18) Сенат бір реттік міндеттемелерді шешу үшін сенат мүшелері ішінен уақытша жұмыс тобын құруға құқығы бар.

6. Сенат комитеттерінің қызметтері

6.1. Жалпы ережелер

1) Сенатта тұрақты комитеттер жұмыс істейді. Комитет жұмысын төрағалары басқарады;

2) Сенатта келесі тұрақты комитеттер құрылады:

- Университеттің дамуы мен интеграциясы бойынша комитет;
- Академиялық қызмет бойынша комитет;
- Клиникалық қызмет бойынша комитет;
- Ғылыми қызмет бойынша комитет;
- Аттестация бойынша комитет;

3) Комитет құрамы сенат мүшелерінен 5 адамнан кем болмауы тиіс. Комитет өз мүшелерінің ішінен хатшыны сайлайды;


4) Комитет қарастыруға берілген мәселелер бойынша қорытындыларын дер кезінде беруі тиіс. Комитет өз мәжілістеріне университет қызметкерлерін, сарапшыларды, университеттен тыс қызметкерлерді дауыс беру құқығынсыз шақыра алады;

5) Комитет есептері сенат төрағасымен бекітіледі;

6) Комитеттер өз жұмыстары мен шешімдерді қабылдау үшін өзара қызмет атқара алады;

7) Комитеттер бірнеше мәселелер бойынша ұсыныстар мен ескертулер, жекелеген түрде немесе біріге отырып баяндамалар жасай алады.

8) Сенат төрағасы, орынбасары, жауапты хатшы комитет жұмысына қатыспайды;


	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 11 беті	

6.2 Университеттің дамуы мен интеграциясы бойынша комитет

- 1) университеттің және оның еншілес мекемелері дамуының стратегиялық жоспарының көрсеткіштері мен индикаторы қарастырып келісіледі, стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныстар енгізеді;
- 2) университет дамуының стратегиялық жоспарының орындалу барысын талқылайды және ұсыныстар енгізеді;
- 3) университет және оның академиялық, клиникалық, ғылыми жұмыстар құрылымдарының дамуына жоспарлар ұсынады;
- 4) оқу және клиникалық үрдістерді оңтайландыру, заманауи талаптарға сәйкес ғылыми-практикалық бағдарламалар, сонымен қатар оқу, ғылыми және клиникалық құрылымдар бойынша қайта құру, жою бойынша университеттің ұйымдастыру құрылымына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар береді;
- 5) әлемдік университет жүйесі интеграциясы мен халықаралық байланыстардың дамуы туралы талқылап, қорытындыларды енгізеді;
- 6) оқытушылар, білімгерлер, ғалымдар мен басқа да мамандардың халықаралық байланысты жақсарту мен дамуы бойынша ұсыныстар енгізу;
- 7) университеттің барлық қызметтерінің жақсаруы бойынша ұсыныстар береді.

6.3 Аттестация бойынша комитет

- 1) кадрлар саясатын бекітеді;
- 2) университет қызметкерлерінің жоспалы және кезектен тыс аттестациясы бойынша ұсыныстар береді, сонымен қатар ғылыми-педагогикалық кадрлар қызметіне байқау жариялайды;
- 3) профессор, доцент атағына үміткерлерді талқылап, ұсынады, сонымен қатар университеттің құрметті атағы құрметті ректор және құрметті профессор атағын береді;
- 4) «ЖОО-ның үздік оқытушысы» байқауына қатысатын үміткерлерді талқылайды және ұсынады;
- 5) Университет қызметкерлерінің кезектен тыс аттестациясын өткізу;
- 6) Ғылыми-педагогикалық кадрларды қабылдау үрдісі мен квалификациялық талаптары бойынша ұсыныстар береді;
- 7) Жеке сыйақы мен шәкіртақы алуға үміткерлерді қарастырады және бекітеді;
- 8) Зейнет жасына жеткен қызметкермен еңбек шартын бір жылға созу үшін үміткерлерді ректорға қарастырып, ұсынады;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 12 беті	


9) Ректор ұсынған мектеп пен факультеттер деканы, құрылымдық бөлімшелер басшыларын, клиника, кафедра меңгерушілерін қарастырып, өз қорытындыларын береді;

6.4. Академиялық қызмет бойынша комитет

- 1) академиялық саясатты бекітеді;
- 2) оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу мен оқу үрдісі сапасын жетілдіру мәселелерін қарастырады;
- 3) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары талаптарын ескере отырып, оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс бағдарламаларын қарастырады және бекітеді;
- 4) денсаулық сақтаудағы басым бағыттарды болжау негізінде мамандық тізімін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарастырады және бекітеді;
- 5) оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдарын, сонымен қатар электронды түрде қажетті көлемде бекітеді;
- 6) оқу-әдістемелік үрдіс сапасын қамтамасыз ету бойынша мониторинг жүргізуге уақытша жұмыс тобының жұмысын ұйымдастырады;
- 7) оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқықтық нормативтік құжаттар жобасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 8) студенттердің ақылы бөлімнен білім грантына ауысу мәселесін қарастырады.

6.5 Клиникалық қызмет бойынша комитет

- 1) ғылым-білім беру үрдісін қамтамасыз ету үшін университеттің клиникалық базаларын бағалау критерийі бойынша ұсыныстар өңдейді және енгізеді;
- 2) оқу үрдісінің үштілділігін қамтамасыз ету үшін бейінді клиникалар құру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 3) университеттің бекітілген оқу бағдарламалары сәйкес бейінді клиникалардың (ҒЗИ, ҒО, УК) қызметін қарастырады және үйлестіреді;
- 4) ҒЗИ, ҒО, УК клиникалық бөлімшелерінде үштілділікті енгізу сапасын бағалайды;
- 5) Денсаулық сақтаудағы интеграцияланған академиялық жүйенің дамуы бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) ҚР ДСМ және басқа да мекемелер бастаған әртүрлі сараптамалық комиссия жұмыстары қызметін қарастырады және үйлестіреді.
- 7) Клиникалық бөлімшелер мен клиникалық базалар атқаратын ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарына баға береді;
- 8) Клиникалық кафедралардың денсаулық сақтауды басқару мекемелерімен клиникалық базалардың Алматы қаласы және бақылау аймақтарының өзара байланысу мәселелерін қарастырады;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Сенат	Ереже
	Редакция: 1 15 беттің 13 беті	

9) Профессорлық-оқытушылық құрамның тәжірибелік денсаулық сақтаудағы жаңа емдік-диагностикалық технологияларды енгізу тиімділігі мәселелерін ұсынады;

10) Университет міндеттемелері аясында ҚР ДСМ жол картасы және бекітілген бейінді қызметтер бойынша іс-шаралар мәселесін қарастырады;

6.6. Ғылыми қызмет бойынша комитет

1) ғылыми-зерттеу саясатын бекітеді;

2) университеттің ғылыми-зерттеу бағыттары бойынша қарастырып ұсыныстар береді;

3) университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарын гранттық қаржыландыруға ұсыныстарын қарастырады және ол бойынша қорытынды жасайды;

4) университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша қорытынды есептер мен жылдық есептері бойынша өз қорытындысын береді;

5) докторанттардың ғылыми кеңесшілері, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне үміткерлер мен зерттеу жұмысының тақырыбын қарастырады;

6) клиникалық және медициналық зерттеу жүргізудің хаттамаларын қарастырады;

7) ғылыми-әдістемелік ұсыныстар, монографиялар, енгізу актісі бойынша талқылау жасап қорытынды береді;

8) плагиат мәселесін қарастырады;

9) ғылыми жобаларды қаржыландыру мәселесін қарастырады және осы бағдарламалардың қаржыландыруына қатысты қорытынды береді;

10) университет және оның еншілес мекемелерінің ғылыми қызметі мониторинг негізінде ұсыныстарды өндейді.

7. Қорытынды ережелер

1) Сенат жұмысының барлық рәсімдеу мәселелері осы ережеде қарастырылмаса, сенат төрағасы дайындайды. Шешім мәжілісте сенат мүшелерінің басым дауыс беруімен қабылданады.

